

# ЭКОНОМИКАНЫҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ ГЕОЛОГИЯМЕН ТЫҒЫЗ БАЙЛАНЫСТЫ

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында «Жер қойнауын пайдалану саласы, әсіресе геологиялық барлау мен жер қойнауын кешенді зерттеу тұрғысынан жаңа серпінге мұқтаж. Инвесторлардың сапалы идеологиялық ақпаратқа қолжетімділігін кеңейту қажет. Бұл үшін ведомствоға бағынышты ұйым негізінде Ұлттық геологиялық қызмет құру керек» деген болатын. Яғни, бүгінде геологиялық жұмыстарды жетілдіруге ерекше мән беріліп отыр.

Геология – бұл ғылымды қажетсінетін салалардың бірі, сондықтан өңірлік әрі іздеу (барлау) жұмыстарын дайындау кезінде өңірлердің даму ерекшеліктерін ескере отырып, олардың негізінде пайдалы қазбалар іздеудің геологиялық-геофизикалық материалдарды қорыту әрі талдаудың ғылыми түрде негізделген бағыттары бойынша тақырыптық ғылыми жұмыстардың үлкен көлемін жүргізу қажет. Осы жұмыстың нәтижесінде республикалық минералдық-шикізат базасын дамыту бағдарламасын жасау керек. Оның ішінде тау кен-металлургия кешенін, өнеркәсіпті қолға аларда өңір-

лер мен моноқалаларды дамыту талаптары ескерілетіндей кешенді көзқарас қажет.

Біздің еліміз барланған қорлар мен пайдалы қазбаларды өндіру деңгейі бойынша әлемде маңызды орынға ие, сондықтан геологиялық мамандықпен бірге сіздер әрқашан болашақтарыңызға сенімді боласыздар.

Елімізде «Индустриалды-инновациялық даму бағдарламасы» қолға алынғалы техника мамандарына сұраныс арты. Соның ішінде геолог мамандығы үлкен сұранысқа ие. Әлем елдері кен өндіру секторын ұлттық экономиканың бірқалыпты дамуын қамта-

масыз етіп отырған қозғаушы сектор ретінде қарастырады. Яғни, Қазақстан экономикасының да нығаюы осы минералды-шикізат базасына байланысты деген сөз. Еліміздің минералдық-шикізат базасын толықтырып, қазіргі кезеңде және ұзақ мерзімді мемлекеттің экономикалық сұранысын қанағаттандыру үшін міндетті түрде геология саласын дамыту қажет.

Қазақстанда геологиялық барлау жұмыстарына да сұраныстар артып келеді. Әлі де барланбаған кен орындары көп. Қоры бекітілген кен орындары қажет. Алайда, осындай жұмыстар жүргізу үшін білікті

кадр даярлау қажет. Геолог мамандарды даярлау кезінде қоятын аса маңызды талаптардың бірі – оларға геологиялық барлаудың жаңа технологияларын оқытып, үйрету. Сондай-ақ, жаз маусымында далалық геологиялық барлаудың әдістерін игеру үшін студенттерге өндірістік тәжірибе ұйымдастырып, геологияға деген қызығушылығын туғызу керек. Бұл олардың теориялық білімін тәжірибемен ұштастыруға үлкен көмек.

М.Әуезов атындағы ОҚУ «Мұнайгаз ісі» кафедрасы 6Bo7210-Мұнайгаз ісі, 6Bo7216 – «Газ-мұнай құбырларын және газ-мұнай қоймаларын пайдалану», 6Bo7215- Мұнай мен газды игеру нысандарын пайдалану және қызмет көрсету» бағдарламалары бойынша білім беруде. Түлектеріміз осы білім бағдарламасы негізінде білікті маман атанып, еліміздегі ірі мұнай компанияларында еңбек етіп келеді.

**Айұл ТӨРЕБЕКОВА,  
Жанерке ҚАСЫМОВА,  
Айтжан ЗИЯТ;  
М.Әуезов атындағы ОҚУ  
«Мұнайгаз ісі»  
кафедрасының магистр,  
аға оқытушылары**